



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРАЛІГІ



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМ ДЕПАРТАМЕНТІ

ҒЫЛЫМ
ДЕКАДАСЫ



БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

ұлт болашағы

атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция

МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ



3-4 сәуір 2024 жыл



БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция

3-4 сәуір 2024 жыл

МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

Алматы, 2024

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3

Б 41

Жалпы редакциясын басқарған:

Абишева Сауле Джунусовна – АР 15473235 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту: тарихы, бүгіні, болашағы» ғылыми жобасының ғылыми кеңесшісі, Филология ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редактор:

Саметова Жанакүль Шынгисхановна - АР 15473235 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту: тарихы, бүгіні, болашағы» ғылыми жобасының жетекшісі, философия докторы (PhD)

Редакция алқасы:

Найманбаев Алмас Әбдіманапұлы - Филология институты директорының ғылыми істер және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, философия докторы (PhD),

Сонер Сағлам – доктор, Памуккале университеті
Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар факультеті

Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері кафедрасының доценті,

Әділов Марлен Ерланұлы – Н.Келімбетов атындағы Түркітану орталығының аға ғылыми қызметкері, философия докторы (PhD)

«Балалар әдебиеті – ұлт болашағы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция ЖТН АР 15473235 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту: тарихы, бүгіні, болашағы» ғылыми жобасы және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ғылым декадасы-2024 аясында ұйымдастырылды.

Конференцияға балалар әдебиетін зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдар, балалар жазушылары мен ақындары, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, әдіскер ғалымдар, мектеп педагогтері, кітапхана қызметкерлері, докторанттар мен магистранттар қатысты.

ISBN 978-601-7187-90-3

МАЗМҰНЫ

Авторлар	Мақала тақырыбы	Беті
Soner Sağlam Balsan Madi	Kazakistan'da Çocuk Edebiyatının Gelişmesinde «Ak Jelken» Dergisinin Rolü Üzerine Bir İnceleme	5
Сулайман Рысбаев	Миниграфия- балдар адабиятына мүнөздүү адабий форма	9
Müzeyyen İnalöz	Görsel Anlatıların Işığında: Sulayman Rısbayev'in Hikâyelerinde Kültür Aktarımı	18
Elnara Akimova	Modern çocuk edebiyatının sorunları - zamandan notlar	25
Baxıtbay Paluanov Abdiualiy Nurlibaev	Balalar basılımları - döretiwshilik ustaxana	32
Ақбота Кенжеқожаева Жолдасбек Мамбетов	Қожанасыр әңгімелерінің өскелең буынды тәрбиелеудегі рөлі	35
Demir Tezcan Özakaydin	Türk Dünyası Çocuk Şiirinde “Eğitim” Teması	40
Gulnar Qambarova	Bağımsızlık yıllarında Azerbaycan çocuk şiiri: geçiş dönemi, talepler, görevler	51
Mətanət Qüdrət qızı Vahidova	Tofiq Mahmud poeziyası Azərbaycan uşaq ədəbiyyatı örnəyi kimi	59
Ысмайыл Кадыров	Кыргыз балдар адабияты –дүйнөлүк балдар адабиятынын бир бутагы	65
İlhame Ağazade	Çocuk eserlerinde sanatsal düşünce olanakları	72
Бейсембайева Айдана	Актуальные проблемы преподавания зарубежной детской литературы на иностранном языке в современной школе и вузе	77
Кереева Нүргүл	Бастауыш және орта буында Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқытудың тәрбиелік маңызы	81
Мырзалиева Аигуль Казанбаева Камила	Мектепте қазіргі балалар әдебиетін оқыту ерекшеліктері	84
Ташаева Гульмира	Тіл дамытудағы балалар әдебиетінің жұмбақ пен мақал-мәтел жанрларының тиімділігі	88
Токшылыкова Гүлназ Даулетова Диана	Классиканы оқыту – ұлық мұрат	91

Абишева Сауле Абуова Бибижан	Основные направления детской литературы в Казахстане	96
Асқаров Сұңқар	Қазақстанда балалар әдебиетінің даму бағыттары	99
Байниязова Баян-Сұлу	Балалар әдебиеті – ұлт болашағы	103
Байтерекова Марина	Балалар әдебиеті – балалардың ақылшысы	109
Егембердиева Алмагул Жахан Жансұлу	Балалар әдебиетінің бала дамуындағы рөлі	115
Жамантай Айжан	Абай шығармаларындағы сөзтанымдық бірліктердің сипаты	120
Алмасханқызы Арайлым Темірболат Алуа	Асқар Алтай прозасындағы адам және қоғам	125
Мансурова Эльнара Орда Гүлжиһан	А.Елгезек «болмаған балалық шақ» повесінің микропоэтикасы	128
Өтеміс Айгуль Ержанова Сауле	Поэзия жанрын психологизм тұрғысында қарастыру	134
Казтаева Айымжан	Қазақ прозасындағы анимализм	138
Азатбек Ділнұр Жұмағали Қаныша	Шет тілін оқытудағы әдістемелер мен коммуникативтік бағыт	145
Нәсіпхан Шуақ Жұмағали Қаныша	Қытай тілін оқытудың Қазақстандағы жағдайы	150
Септегенова Камшат Ташимова Данагуль	Оқушының оқылым дағдысын дамыту	154
Салимова Жаннұр	Оқушының шешендік тілін дамытуға негіз болатын педагогикалық ұстанымдар	158
Уразбакова Бакыт	«Lesson Study» зерттеуге бағытталған жоба жұмысы	166

ҚОЖАНАСЫР ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ӨСКЕЛЕҢ БУЫНДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Кенжеқожаева Ақбота

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Филология факультеті
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының II курс PhD
докторанты Қазақстан, Алматы*

Мамбетов Жолдасбек

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Филология факультеті
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан, Алматы*

Андатпа. Мақала күллі Шығыс халқына танымал әдеби кейіпкер Қожанасыр туралы әңгімелердің тәрбиелік-танымдық мәнін зерттеуге бағытталған. Мақаланың мақсаты – Қожанасырдың түрлі жағдаяттардағы мінез-құлқы мен іс-әрекетінің себептерін және олардың оқырманға тәрбиелік ықпалын қарастыру. Сонымен қатар, осы әңгімелер арқылы жас буынға рухани, өмірлік және даналық сабақтарын беру, бұл шығармаларды заманауи білім беру ісінде тиімді пайдалану мәселелері осы мақаланың өзектілігін айқындайды.

Кілт сөздер: әдебиет, сатира, білім, тәрбие, Қожанасыр.

Кіріспе. Заманауи білім және тәрбие тұжырымдамалары антропоцентризмдік идеяны, жалпы адами құндылықтар мен гуманистік көзқарасты қамтиды. Ал көркем шығарма – жас буынды осы бағытта тәрбиелеудің, оларға ең ізгі қасиеттер мен мінез-құлықтарды дарытудың бірден бір құралы. Көркем шығармалардағы кейіпкерлер мен олардың іс-әрекеттері санаға әсер етіп, әдеби бейне рухани құрал ретінде «кемел» немесе «мінсіз» (идеал) үлгіні қалыптастырады. Әдебиет өскелең буынның адамзаттың болмысы туралы сауалдарына жауаптың түрлі нұсқаларын ұсынатын, биік адами ұстанымдарды қалыптастыруға жол сілтеп, бағыт-бағдар бере алатын нұсқаулық. Осындай қуатты әдеби нұсқаулықтың бірі – сатира.

Әдебиеттегі сатира қоғамның, адам болмысының жағымсыз, теріс жақтары мен мінез-құлқындағы кемшіліктерін әшкерелеп, оқырманның назарын осы мәселеге аударуды мақсат тұтады. Сатира көпшіліктің езуіне күлкі сыйлап қана қоймай, заманауи қоғамда тәрбие-білім беру ісіне де айтарлықтай ықпал ете алады.

Өйткені сатира әрбір адамның өзіндік қателіктері мен кемшіліктерін байқап, түйсінуге мүмкіндік береді. Ол күнделікті өмірде бетпе-бет кезігетін, алайда елеусіз қала беретін түрлі мәселелерге деген қызығушылығымызды оята алады. Сонымен қатар сатира қоғамда қалыптасқан кертартпа құбылыстарға әсер етіп, оларды оң сипатқа өзгертуге қабілетті. Ол түйткілді мәселені қоғамның талқысына салып, адамдардың осы кілттипанды шешу жолында жаңа әдістер мен тәсілдерді іздеуіне ынталандырады. Бұл ретте сатира өзекті

мәселелерді әжуалаумен шектелмей, әділетті, орынды сын айтып, бұл кемшіліктің шешімін тауып, оң өзгерістер жасауға бағытталуы тиіс. Сатира арқылы адамдар өз құндылықтары мен ой-пікірлерін қайта бағалап, қоғамдық пікірге әсер ете алуы керек.

Сатира – көпшіліктің, әлеуметтің сыншысы. Жас буынның бойына сыни ойлау қабілетін дарытып, оның таным көкжиегін кеңейтеді. Дегенмен өскелең буынға сатираның мақсаты адамға тіл тигізу не жәбірлеу еместігін, оны жақсы жаққа өзгерту екенін түсіндіру аса маңызды. Бұл ретте сатира жастарға олардың өзін-өзі бағалау, өзіндік сын қалыптастыра білу секілді қабілеттерге де баулуы тиіс. Өзінің іс-әрекеті, мінез-құлқы, дағдылары мен келешегіне қатысты көзқарастарына сыни талдау жасау арқылы өскелең буын тұлғалық өсу мен дамудың кемел жолына түсері анық.

Негізгі бөлім. Сатира білім алушылардың санасында әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастыруға арналған тәрбиелік үдерісте және қоғамдағы кемшіліктер мен ақауларға қарсы іс-әрекеттерге баулуда маңызды рөл ойнайды. А.И. Герцен күлкінің «білім беру қызметін жүзеге асыру кезінде түрлі кемшіліктер мен ақауларды түп-тамырымен жоюға арналған ең қуатты қару» екенін айтқан [1, 128].

Өскелең буын сатираны жағымсыз құбылыстарға қарсы құрал ретінде пайдалана отырып, өздері де осы қарудың құрбанына айналуы мүмкін екенін сезеді. Осылайша олар күлкінің нысанына айналмау үшін адамгершілік пен ұжданның биік үдесіне шығуға ұмтылып, ал әжуаланған іс-әрекеттерден, мінездерден іргесін аулақ салуға тырысатын болады.

Осы тұста ойға әлем әдебиетінде өзінің өткір әрі ұтымды сөздерімен, сондай-ақ күлдіргі әңгімелерімен танымал сатиралық кейіпкер Қожанасыр оралары анық. Әдетте бұл кейіпкер туралы әңгімелер әлеуметтік-тұрмыстық сипатқа ие. Билік басындағы хан-патшалар мен қара халықты қанаушы бай-бағландарды сынауға мүмкіндіктері болмаған уақытта халық өз ашу-ызасын сатира арқылы білдірген. Адамдар өздерінің өкпе-мұңын, талап-тілектерін хан-патшаларға, бай-манаптарға дауыстап айтып, жеткізетін қорғаушыға мұқтаж болып, Қожанасыр секілді кейіпкерлерді өздері жасаған. Қожанасыр қолына қару ұстаған батыр емес, ол күлкіні қаруға айналдырған қаһарман.

Түрік әдебиетшісі Ердоған Токмакчыоглы Қожанасыр әңгімелерін мынадай түрлерге бөледі:

1. Күлдіретін;
2. Ойландыратын;
3. Үйрететін (оқытатын);
4. Көңілдендіретін;
5. Таң қалдыратын[2, 26].

Яғни, Қожанасыр әңгімелерінің негізгі мақсаты – адамға ой салу, үйрету, оқыту, күлдіре отырып сабақ беру.

Белгілі ғалым Р.Бердібаев Қожанасыр туралы «Ол тек қанаушылар, дін иелері ғана емес, адам, қоғам өмірінде ұшырасатын кемшіліктерді, ерсіліктерді

достық әзілмен, сыпайы күлкімен мінейді, шенейді. Тек біреуді, өзгені ғана кекетіп, келеке етіп қоймай, ақпейіл аңқаудың, ақылсыздың рөлін ойнайтын артист сияқты өзі де ажуа, күлкінің объектісіне айналады, өзінің әзіл-қалжыңымен ешкімді аямайды, елеусіз қалдырмайды» дейді [3, 91].

Мысалы, «Қожанасыр мен би» әңгімесінде бір бидың сиыры Қожанасырдың егінін жеп қойып, шығынның орнын толтыруды мақсат тұтқан Қожанасыр әділеттілік іздеп биге жүгінеді. Қожанасыр өзінің сауалына оң жауап естіген соң, биге болған жағдай туралы мәлімдейді. Алайда би жағдаяттың бір ұшы өзіне тірелгеннен кейін басқа шешім шығаруды көздеп, екінші кітабын парақтауға ұмтылады. Сонда Қожанасыр бидің тура жолдан тайып, өз пайдасын көздегенін былай деп сынайды: «Сиырыңыз менің егінімді жегенше, қолыңыздағы көк кітапты жесе, анағұрлым тәуір болар еді, – депті. [4, 45]. Бұл әңгіме билік не үстемдік адамға қандай да бір басымдық бергеніне қарамастан, әрдайым әділ шешім шығару қажеттігін насихаттауға мүмкіндік береді.

Қожанасыр әңгімелері адамдарға көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын қызықты және күлкілі шығармалар ғана емес, сонымен қатарастарында терең тәрбиелік мәнді қамтитынына жоғарыда берілген әңгіме дәлел. Қожанасыр өзінің осындай іс-әрекеттері және сөздері арқылы түрлі өмірлік жағдаяттарда өзін қалай дұрыс ұстау керегін, әділетсіздікті жеңу жолдарын көрсетеді.

Осылайша, Қожанасыр туралы әңгімелер өскелең буынды батыл әрі тапқыр болуға үйретеді. Өйткені бұл кейіпкер әрдайым өзінің тапқырлығы мен ақыл-ойын қолдана отырып, ең қиын жағдайлардың өзінен шығудың амалын табады. Бұл арқылы оқушылар ең қиын сәттерде ашудың жетегіне ермей, ақылға жүгініп әрекет етсе, кез келген қиындықтан шығудың жолын табуға болатынын түсінеді.

Сонымен қатар, Қожанасыр әңгімелері жас буынды әділ және адал адам болуға баулиды. Қай әңгімесі болмасын бұл кейіпкер әрқашан әлсіздер мен бұқара халықтың тарапынан табылады, әділетсіздікпен күреседі. Қожанасырдың бұл қасиеті өскелең ұрпаққа өзімізден арылу, өзгелер туралы ойлау, әсіресе, қиындыққа тап болғандарға көмектесу секілді қасиеттерді насихаттайды.

Қожанасыр көрсеқызарлық, ынсапсыздық, тойымсыздық, ашкөздік тәрізді қылықтарды да өзінің сынына алады. Оқушылар осы тақырыптағы Қожанасыр әңгімелерін оқу арқылы бойларын мұндай жағымсыз қасиеттерден аулақ ұстайтын болады.

«Қожанасыр және ашқарақ» деген әңгімеде қомағай адамның тойымсыздығы мен Қожанасырдың тапқырлығы жөнінде сөз өрбиді.

«Бір тойда ашқарақ біреу қомағайлана ішіп-жегенімен қоймай, қалтасына құрт пен ірімшікті сала береді, қасында отырған Қожа әлгінің қалтасына ыстық шай құйып жібереді. Ашқарақ адамның тез ашуланатын әдеті емес пе?

- Бұ неткен бейбастық, – деп Қожаға дүрсе қоя береді. Сонда Қожа байсалды пішінмен:

- Қалтаң құрт пен ірімшікті көп жеді, шөлдемесін деп құйғаным ғой, – депті [4, 62].

Осылайша, Қожанасыр әңгімелері оқырмандарды әзіл-қалжыңымен және сюжеттерімен қызықтырып қана қоймайды, сонымен қатар маңызды өмірлік сабақтарды үйретеді. Жоғарыда мысал ретінде берілген әңгіме сыни тұрғыдан ойлауға, айтылған не оқылған дүниенің барлығын сүзгіден өткізіп барып, қабылдауға баулиды. Оқушы бұл әңгімені оқыған кезде қомағайдың іс-әрекетін сынап, одан кейін Қожанасырдың тапқырлығына разы болуы мүмкін. Дегенмен, бұл әңгімедегі ең басты мақсат – оқушы тойымсыздықтан тыйылу, көпшілік орындарда өзін сыпайы, мәдениетті ұстау секілді қасиеттерді игерудің қажеттілігін түсінуі. Осы себептен де бұл әңгімелердің құндылығы орасан зор және қай уақытта болмасын өзектілігін жоймайды. Өйткені, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, оларға рухани, адами биік қасиеттерді дарыту кез келген қоғамның, кез келген кезеңнің басты міндеті.

Қожанасыр әңгімелері терең философиялық ойлар мен даналық тұжырымдарға да толы. Ол адамдарға өздерінің қателіктері мен кемшіліктерін көрсету және айналасындағылардың ақымақтығы мен екіжүзділігін сынау үшінөзінің сөз өткір тілі мен әзілдерін жиі қолданады.

«Бір атақты кісі Қожанасырды іш тартатынын айтып, жиі қонаққа шақырып жүреді екен. Бір күні Қожанасыр соның үйіне бара жатса, ол терезеден сыртқа қарап тұр екен. Қожанасырды көреді де, терезеден кейін шегініп кетеді. Қожанасыр есік қағады, есікті қызметшісі ашыпты.

- Қожайын үйде ме? – дейді Қожанасыр.

Қызметші:

- Жоқ, жаңа ғана шығып кетті. Сіздің келіп кеткеніңізді білсе, өте өкінетін болды, – дейді.

- Өте жақсы, – дейді Қожанасыр, – қожайын келгенде айтарсың, алдағы уақытта үйден шығарда басын терезенің алдына қалдырып кетпесін» [5, 178].

Қожанасыр өзін көріп тығылған үй иесіне өкпесін ақырын ғана тұспалдап жеткізген. Арнайы іздеп келген қонағын төріне оздырмаған қожайынның үйге тығылғанын айтып, дау-жанжал шығармай, қызметшісі арқылы дұғай сәлем жолдап қана қоя береді. Оқушылар бұл әңгіме арқылы өздерін ұстамдылыққа, байыптылыққа тәрбиелей алады.

Қожанасыр әңгімелерінде мақтансүйгіштік, өркөкіректік секілді жағымсыз қасиеттер де сын тезіне салынған:

«Бір ақын Қожанасырға мақтау өлең оқиды.

- Нашар өлең, – дейді Қожанасыр. Ақын ашуланып Қожанасырды тілдей бастайды.

- Міне, мына қара сөздерің жақсырақ екен, – депті сонда Қожекен» [5, 181].

Осы қысқа әңгімеден оқырман Қожанасырдың мақтан сүймейтінін, әсіре қызыл сөзге жаны қас екенін аңғарады. Қожанасырдың қошеметшіл еместігін түсінбеген ақын өзінің шынайы бет-бейнесін көрсетіп ашуға булыққан сәтте де Қожанасыр ұстамдылық танытады. Қожанасырдың осы оқиғасы арқылы мақтай жөнелген адамның бәрі шын ниеттес дос емес екенін, жағымпаз-жарамсақтардың қошеметінің буына елітіп, адамның түпкі ойын табуда

жаңылмау керегін, яғни жас буын өзіне ғана емес, айналасындағы достарына да талапшыл әрі талғампаз болуы қажет екенін түсінеді.

Қорытынды. Қожанасыр – адамның аңқаулығы, сараңдығы секілді қасиеттерді күлкіге айналдыратын дана, немесе айналасындағылардың әсерінен кейде өзі жайсыз, күлкілі жағдайда қалатын аңғал кейіпкер. Өзі күлкіге қалса да, адамдардың өзіне бағытталған сарказмы мен күлкісіне кез келген жағдайда төтеп беріп, уытты тілі мен аңғарымпаз, зеректігі арқылы сол адамдардың өздерін күлкіге қалдырып, жеңімпаз болып шығатыны осы кейіпкер жөніндегі туындыларда жиі кездеседі.

Қожанасыр әңгімелері адамгершілік, әділеттілік, қоғамдағы жауапкершілік, адами қатынастардың мән-маңызы секілді ешқашан құндылығы жоғалмайтын ізгі тақырыптардың барлығын қамтиды. Бұл туындылардағы Қожанасыр бейнесі сан қырлы – бірде ол данышпан, енді бірде әзілқой, кейде аңғал. Дегенмен бұл кейіпкердің түпкі мақсаты – әділетсіздікті, жағымсыз қылықтарды, сараңдықты, ынсапсыздықты сынау, адамдарға ой салу, адамгершілік қасиеттерді дәріптеу. Ол әрдайым әлсіздерді қорғап, шындықты жақтайды. Оның осы әңгімелеріндегі ұтымды сөздері, шындық жолындағы іс-әрекеттері мен күресі жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Яғни, Қожанасыр әңгімелері терең танымдық-тәрбиелік мәнге ие, бұл шығармалар өскелең буынға өмірлік құндылықтар мен қағидаттарды, көзқарастарды дұрыс таңдауға, түрлі жағдаяттарда жаңылыспауға көмектеседі. Адамдарға ізгі әрекеттерге ұмтылуды, әділ болуға талпынуды үйрете отырып, оқушылардың бойында толеранттылық, сыни ойлау секілді қабілеттерді де қалыптастырады.

Осылайша, Қожанасыр әңгімелерінің өскелең буынды тәрбиелеудегі рөлі заманауи білім беру саласында да өзекті әрі маңызды. Өйткені, оның әңгімелерінде қозғалған мәселелер мен қиындықтар кез келген дәуірге, кез келген қоғамға ортақ. Қазіргі кезең берік азаматтық ұстаным мен қоғам өміріне белсенді қатысуды талап етеді. Жас буын өздерінің және өзгелердің мүдделері мен құқықтарын қорғауға, уақыт пен кеңістікке тәуелсіз мәселелерге қарсы лайықты күрес жүргізе алуы үшін Қожанасыр әңгімелеріне назар аударуларықажет. Оқушылар бұл шығармалар арқылы жаһандық өркениеттегі дамылсыз өзгерістер, мәдениеттің қарқынды дамуы мен сенімдердің, идеалдардың үздіксіз алмасуы секілді процестер барысында адамгершіліктен танбай, өзге адамдарға құрмет танытып, сыйластықта, бейбітшілікте өмір сүруге ұмтылуға өз-өздерін тәрбиелей алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Герцен А.И. *О воспитании и образовании*. Москва: Педагогика, 1990.
2. Tokmakçioğlu E. *Bütün Yönleriyle Nasrettin Hoca*. İstanbul: Geçit Kitabevi, 2004– 368 б.
3. *Қазақ фольклорының типологиясы*. – Алматы: Ғылым», 1981. – 308 б. жауапты ред. ф.ғ.д. Р. Бердібаев
4. *Балалар сөзі: Жүзтомдық. Күлдіргі әңгімелер*. – 98 т. – Астана: Фолиант, 2013. – 440 б.
5. Кенжебек О. *Қожанасыр хикаялары*. – Астана: Аударма, 2007. – 454 б.